

## Қазақстан Республикасының Норвегия Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 15 наурыздағы № 287 Жарлығы  
Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
және республикалық баспасөзде  
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасының Норвегия Корольдігімен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Норвегия Корольдігіндегі Елшілігі ретінде қайта құру жолымен Қазақстан Республикасының Норвегия Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Н. Назарбаев*